

Қазақстан Республикасы Президентінің "2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 1310 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра"
мемлекеттік бағдарламасы туралы**

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес әрі рухани және білім беру саласын дамыту, Қазақстан Республикасының мәдени мұрасының сақталуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында қаулы е т е м і н :

1. Қоса беріліп отырған 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі және басқа да іске қосылған министрліктер, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұ с ы н с ы н .

5. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2003 жылғы
N Жарлығымен
Бекітілген

**"Мәдени мұра" 2004-2006 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарлама**

Астана, 2003 жыл

Бағдарламаның паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасының "Мәдени мұра" 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Негізі	Қазақстан Республикасы Президентінің "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары" Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 6.5.2-тармағы
Негізгі әзірлеуші	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
Мақсаты	Рухани және білім беру саласын дамыту, елдің мәдени мұрасының сақталуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету
Міндеттері	Бағдарламаның міндеттері: елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту; мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін құру; көркем және ғылыми толық дестелерін шығару арқылы ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту; әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен

әдебиеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын құру; елдің қорларында, мұрағаттары мен қоймаларында сақталған аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орындаушы-музыканттардың фоножазбаларын қалпына келтіру мен қазіргі заманғы аудиотаспаларға көшіру.

Қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджеттің есебінен жүзеге асырылатын болады. Қаржыландырудың күллі жалпы көлемі - 1933,6 млн. теңге, оның ішінде: 2004 жылы - 641,65 млн.; 2005 жылы - 631,7 млн.; 2006 жылы - 660,2 млн. теңге. Бағдарламаны қаржыландырудың көлемі 2005-2006 жылдары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштерінің аясында нақтыланатын болады.

Күтілетін нәтижелері

Тарих пен мәдениеттің 30-дан астам маңызды ескерткіштері қалпына келтірілетін болады; 32 ежелгі және орта ғасырлық археологиялық кенттер мен қоныстарды ғылыми зерттеу, тұмшалау, абаттандыру және туристік мақсатта пайдалану жөнінде жұмыстар жүргізілетін болады; мәдени инфрақұрылым кеңейтіліп, тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттау мен кеңінен таныстыру жөніндегі жұмыс жанданатын болады; мәдени мұраны зерделеудің тұтастай жүйесін құру жөніндегі шаралар іске асырылатын болады; Ұлттық кітапхана жанында ұлттық кітап раритеттерін табу, сатып алу, кітаптар мен ежелгі қолжазбаларды қалпына келтіру жөніндегі орталық, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты жанында қазіргі заманғы құрал-жабдықпен жарақталған, мұрағат құжаттарын сақтандыру көшірмесін жасау және қалпына келтіру жөніндегі орталық,

Президенттік мәдени орталықтың базасында ұлттық тарих үшін айрықша мәні бар мұражай қорын түзу мен қалпына келтіру жөніндегі орталық құрылатын болады;
16 бағыт бойынша түрлі кітаптар дестелері шығарылатын болады;
Қазақстанның мемлекеттік тұтастығы мен халықтары бірлігінің нышаны - мүсінтас тұрғызылатын болады;
деректер базасы жасалып, ЮНЕСКО-ның күнілгері тізіміне енгізілген мәдени және аралас мұра объектілерін күзету аумағы мен өңірлерінің шекарасы белгіленетін болады;
елдің қорларында, мұрағаттары мен қоймаларында сақталған аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орындаушы-музыканттардың фоножазбалары қалпына келтіріліп, қазіргі заманғы аудиотаспаларға көшірілетін болады.

Іске асыру мерзімі

2004-2006 жылдар

Кіріспе

"Мәдени мұра" 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары" Қазақстан халқына Жолдауына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 6.5.2-тармағына сәйкес әзірленді.

Осы Бағдарламаны әзірлеу мәдени мұра саласында қалыптасқан ахуалға неғұрлым белсенді де сындарлы ықпал ету қажеттігінен туындады.

1. Мәдени мұра саласындағы проблеманың қазіргі жай-күйіне талдау

Қазақстанның мәдени мұрасының қазіргі жай-күйі сан ғасырлық дәстүрлерді сақтау мен одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешенін қолдан келгенше қамтамасыз етілумен, тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерінің ашылуымен, кесенелерді, ескі мешіттерді, ежелгі кенттерді тұмшалаумен, қалпына келтіру жөніндегі жұмыстардың жандануымен, олардың негізінде жаңа тарихи-мәдени мұражай-қорықтардың

қ ұ р ы л у ы м е н

с и п а т т а л а д ы .

Қазақстанда қазіргі уақытта тарих, археология, сәулет және мүсін өнерінің жылжымайтын ескерткіштері 25 мыңнан астам, 11 мың кітапхана, 147 мұражай, 8 тарихи-мәдени қорық-мұражай, 215 мұрағат бар деп есептеледі.

Тарихи және этнографиялық бейіндегі мемлекеттік мұражайлардың, Қазақстан тарихындағы есте қалатын оқиғаларға арналған мемориалдардың тармақталған желісі ж а с а л д ы .

Қазақстанның тарихы мен мәдениетінің қайталанбас ескерткіші - Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі 2003 жылғы маусымда ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгізілді.

Астана қаласының мәдени инфрақұрылымын жақсарту жөнінде шаралар қолданылды: республика астанасында соңғы жылдары Қазақ музыкалық комедия театры, мұражайды, кітапхананы және концерт залын қамтитын Президенттік мәдени орталығы ашылды. Ұлттық кітапхананың құрылысы аяқталды. Киноконцерт залы мен цирктің құрылысы жүргізілуде.

"Мәдени-тарихи мұраны қорғау мен пайдалану туралы", "Мәдениет туралы", "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары қабылданып, күшіне енді.

Сонымен қатар, мәдени мұраны қорғау мен дамыту саласында қалыптасқан ахуал осы бағыттағы қызметті одан әрі дамыту мен жандандыруда кезек күттірмейтін кешенді шараларды қолдануды талап етеді.

Қазақстанның ұлттық тарихы үшін орасан зор мәні бар көптеген тарихи, археологиялық және сәулет объектілері шұғыл көмекке мұқтаж. Олардың арасында - Оңтүстік Қазақстандағы Арыстанбаб кесенесі, Қызылорда облысындағы Асан-Ата және Айқожа кесенелері, Алматы облысындағы Жаркент мешіті, Оңтүстік Қазақстан облысында Тұрбат ауылындағы тарихи-сәулет ескерткіштері, "Әзірет Сұлтан", "Жидебай-Бөрілі" қорық-мұражайларының тарихи-сәулет және археология ескерткіштері, Маңғыстау қорығы және "Ордабасы" қорығы және т.б. секілді тарих пен мәдениеттің қайталанбас ескерткіштері бар.

Олардың көпшілігі осы уақытқа дейін урбандалу, индустриялану және технократизациялану салдарынан болатын бұзылып-бүлінуден қорғалмаған.

Заттық емес, рухани-мәдениеттің ескерткіштері, ежелгі уақыттан бастап, соның ішінде ежелгі түркі жазу ескерткіштеріндегі, қазіргі авторлардың шығармаларындағы дәстүрлі мифологемалар мен бейнелердің өзгеруін зерделеу, пайдалану жүйесі мен әдістерін дамыту жеткіліксіз.

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақ тілді оқырман үшін философия, тарих, заңгерлік және басқа салалардағы әлемдік ғылыми ой-сананың негізін қалаушы еңбектерді, сондай-ақ көркем әдебиетті басып шығару іс жүзінде тоқтап қалды.

Осымен байланысты өскелең ұрпақты қазақстандық отансүйгіштік рухында

тәрбиелеу және тарихи, мәдени мұраны жан-жақты зерделеуде ақтандақтарды жабу, сондай-ақ қазақ халқының сан ғасырлық рухани тәжірибесін қорыту мақсатында мемлекеттік тілде тарихи, көркем, ғылыми толық дестелерді шығарудың мәселелері е р е к ш е ө з е к т і б о л ы п о т ы р .

Қағаздан, желімнен, теріден, қатырма қағаздан және т.б. органикалық материалдардан жасалған жазба мұраның, құжаттардың табиғи сарғайып-ескіруі орын алуда. Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясының қорындағы, елдің мұрағаттары мен қоймаларындағы сақталған аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орындаушы-музыканттардың фоножазбаларының табиғи жай-күйіне де айрықша назар а у д а р у к е р е к .

Осы Бағдарламаның аясында жоғарыда белгіленген мәселелерді кешенді түрде шешу Қазақстан халқының мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және кеңінен таныстыру жүйесін одан әрі дамытуға ықпал ететін болады.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты елдің рухани және білім беру саласын дамыту, мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету.

Алға қойған мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы :

елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту; мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін жасау;

ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту, көркем және ғылыми толық дестелерін шығару;

әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдері толыққанды қорын жасау.

3. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарлама 2004-2006 жылдар аралығындағы кезеңге іске асырылады және мәдени мұраны сақтау мен өркендетудің негізгі бағыттары:

оларды зерделеудің тұтастай жүйесін жасау, ежелгі және орта ғасырдағы кенттерге, қоныстарға, қорғандарға археологиялық зерттеулер жүргізу, олардың базасында қорық-мұражайлар құру, оларды туризм инфрақұрылымының жүйесіне енгізу;

Қазақстанның қайталанбас тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, тұмшалау мен пайдалану;

ғылыми білім-білікті көпшілікке таныстыру, тарих ғылымының теориялық проблемаларын әзірлеу, ғылыми, көркем және энциклопедиялық әдебиетті шығару;

Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті ескерткіштерінің томдарын

жинағын баспаға дайындау жөнінде жүйелі жұмысты жүзеге асыру;
облыстық мемлекеттік инспекциялардың, қалпына келтіру ұйымдарының қызметіне бірыңғай басшылықты қамтамасыз ету, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау саласында бекітілген бағдарламалар мен жобаларды іске асыру міндетіне кіретін тарихи-мәдени мұраны қорғау мен белсенді пайдалану жөнінде республикада ұтымды құрылымды құру туралы мәселені шешу;
мемлекеттің мәдени мұрасы және ақпараттық ресурсының объектісі ретінде Ұлттық мұрағат қорын пайдаланудың тиімділігін арттыру;
мемлекеттік тілде ұлттық әдебиет пен жазудың таңдаулы үлгілерін, әлемдік ғылыми ой-сананың жетістіктерін дайындау және басып шығаруды жүзеге асыру арқылы к ө з д е л е д і .

Бағдарламаның іске асырудың осындай негізгі бағыттарына сәйкес:

3.1. Ұлттық тарихтың маңызды тарихи-мәдени, археология және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту

Ұлттық тарих ескерткіштерін қайта жаңғырту ұлттық мәдениет үшін айрықша мәні бар мынадай ескерткіштерді: Абат-Байтақ, Айша-Бибі кесенелеріне, Қараман-Ата, Шопан-Ата сағаналарына, Ақыртас және Баба-Ата сарай кешендеріне кешенді ғылыми-мәдениеттану зерттеулерін ұйымдастыру, оларды қалпына келтіру, тұмшалау және абаттандыру, сондай-ақ тарихи және этномәдени ортаны өркендету мен дамыту, Қойлық, Есік, Сарайшық, Берел және басқа да ежелгі, орта ғасырдағы кенттерге, қорғандар мен қоныстарға археологиялық зерттеулерді жүргізу арқылы қамтамасыз е т і л е д і .

Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті ескерткіштері жинағын баспаға дайындау жөнінде жүйелі жұмыс жүзеге асырылады.

Республика мұражайларының қорында сақталған тарих пен мәдениеттің жылжымалы ескерткіштері тұрақты түрде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Осыны негізге ала отырып, ұлттық тарих үшін айрықша мәні бар мұражай қорларын қалпына келтіру мен түзу жөнінде орталықты құру мүмкіндігін қарау қажет.

3.2. Қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеудің тұтастай жүйесін құру

Өткеннің көрнекті ғалым ойшылдарының мұрасын зерделеу, сондай-ақ қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи мәні бар сирек кездесетін басылымдардың қолжазбаларын, кітаптарды және мұрағат құжаттарын табу мен сатып алу үшін алыс және жақын шетелдердің мұрағаттары мен кітапханаларына ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылады.

Ұлттық мәдениет үшін айрықша мәні бар тарихи-мәдени, сәулет және археология

ескерткіштеріне, соның ішінде қорық-мұражайлар өңірлеріне оларды сақтау мен мұражайға айналдыру мақсатында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу де көзделеді .

Құжаттық мұраның бірегей үлгілерін сақтау, сондай-ақ оларға еркін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында өткеннің көрнекті ғалымдарының, ойшылдарының, оның ішінде: Әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашғаридың, С.Бақырғанидің, А.Йүгінекидің, М.Дулатидың, Қ.Жалайыридың, З.Бабырдың және басқалардың мұрасын зерделеуді жалғастыру қажет.

Қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи мәні бар қолжазбалардың, сирек кездесетін басылымдар мен кітаптардың "Кодекс Куманикустың", "Қорқыт Ата кітабының" (Дрезден мен Ватикан қалаларында сақтаулы), "Оғыз-наменің" (Парижде сақтаулы), "Бабыр-наменің", "Махаббат-наменің" (Лондонда сақтаулы), Ж.Баласағұнидің "Құтадғу білігінің" (Каирда сақтаулы) көшірмелерін табу, сатып алуды немесе дайындауды жалғастыру қажет.

Ежелгі қолжазбалардың, кітаптар мен басқа да дерек көздерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін Ұлттық кітапхана жанында ұлттық кітап раритеттерін табу мен сатып алу, сондай-ақ кітаптар мен ежелгі қолжазбаларды қалпына келтіру жөнінде орталық құру қажет.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізу жағдайларында Ұлттық мұрағат қоры құжаттарының жаңа тасығыштарда сақталуы мен пайдаланылуы өзекті міндеттерге айналып отыр, оларды шешу үшін Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты жанында мұрағат құжаттарын сақтандыру көшірмесін жасау мен қалпына келтіру жөніндегі орталық құрылуға тиіс.

Қазіргі Моңғолияның және әлемнің басқа да елдерінің аумағындағы ежелгі түркі сына жазулар ескерткіштерін табу мен олардың көшірмелерін жасау жұмысы жалғасады. Ұлытауда Қазақстанның мемлекеттік тұтастығы мен халықтары бірлігінің нышаны - мүсінтас тұрғызылатын болады. Мәдени және аралас мұра объектілерін күзету аумақтарының шекарасы, өңірлері белгіленіп, Дүниежүзілік мұраның күнілгері тізіміне енген объектілердің деректер базасы жасалып, Қожа Ахмет Иассауи кесенесін басқару мен сақтау жөніндегі менеджмент жоспар жасалады.

3.3. Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет басылымдарының дестелерін әзірлеу

Әлемдік мәдениеттің көрнекті ойшылдарының, әдебиетшілері мен қайраткерлерінің таңдаулы шығармаларының кең ауқымын қазақ тілді оқырманға таныстыру және гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау мақсатында әлемдік ой-сананың таңдаулы жетістіктерінің негізінде іргелі әдеби-көркем және

ғылыми басылымдарды әзірлеп, шығару қажет. Баспа қызметінің ерекшелігін және әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларын, ғылымның түрлі салалары бойынша еңбектерді аударуды ұйымдастырудағы алда тұрған жұмыстың көлемін ескере отырып, кейбір басылымдарды шығару кейінгі жылдарда да жалғасатын болады.

"Фольклортану, әдебиеттану және өнертану" - қазақтың халық ауыз әдебиетін біріктіретін "Бабалар сөзі" кітабының дестесінде беріледі, ол жүздеген жылдар бойына қалыптасып, қазақтардың халық ауыз әдебиетінің бай мұрасын бейнелейтін ертегілерден, аңыздардан, эпостық шығармалар мен тарихи дастандардан тұрады.

Тағы бір орасан зор құндылық "Қазақ әдебиетінің тарихы", ол бірнеше ғасырлар бойына Қазақстанда қалыптасқан, көркем әдеби ойдың түп-төркінінің тарихы туралы әңгімелейді, Қазақстанның жазушылары мен ақындары шығармашылығының негізгі үрдістері мен ерекшелерін ашып көрсетеді.

"Көркем әдебиет" - осы бағытта әлемдік классиканың етістіктері орын алған. "Әлемдік әдебиет кітапханасы" дестесі Еуропа, Америка, Австралия, Африка, сондай-ақ Азия елдерінің алдыңғы қатардағы әдеби шығармашылығын қамтиды.

"Философия" - қазақ халқының бай философиялық мұрасынан мағлұмат беретін шығармалардың таңдаулы үлгілерін бір жерге біріктіруге жасалған алғашқы қадам, ол "Қазақ халқының ежелгі уақыттан осы күндерге дейінгі философиялық мұрасы" дестесін шығару болады. Ұлы Даланың көрнекті ұлдарының - Қорқыт Атадан басталып Абай мен Шәкәрімнің дүниетанымында жалғасын тапқан философиялық көзқарастар, шындығында, әлемдік ізгі рухани мәдениеттің маржандары болып саналады. "Әлемдік философиялық мұра" дестесі Батыс пен Шығыстың ежелгі уақыттан осы күндерге дейінгі көрнекті ойшылдарының философия тарихы туралы іргелі еңбектерін, неғұрлым танымал шығармаларын қамтиды, олардың алдында философиялық мектептер мен бағыттардың қысқаша сипаттамалары, авторлардың өмірбаяны берілген.

"Тарих ғылымы" - "Қазақстанның тарихы бойынша жазба деректер" жобасы Қазақстанның тарихы бойынша ежелгі уақыттан осы күндерге дейінгі жазба деректердің мемлекеттік тілдегі бірнеше дестелерін басып шығаруға дайындықты көздейді, олардың ішінде Геродоттың, Птолемейдің еңбектері, сондай-ақ аса маңызды араб, парсы, түркі тілді, қытай, моңғол, орыс және батыс жазба дерек көздері қ а м т ы л ғ а н .

"Әлемдік тарихи ой-сана" дестесіне әлемнің көрнекті ойшылдары мен ғалымдарының адамзат өркениеттерінің, мәдениетінің, елдер мен халықтардың даму проблемаларына арналған трактаттары кіреді.

"Археология, тарих пен мәдениет ескерткіштері" дестесіне - "Тарих пен мәдениет ескерткіштерінің жинағы" кітаптары Қазақстанның археологиясы мен тарихының жылжымайтын ескерткіштерінің тарихи және көркемдік құндылығы қысқаша баяндала отырып, халықтың тарихы және оның қолөнері иллюстрациялармен кеңінен мәліметтер

береді. Қазақ халқының тарихи мұрасын зерделеудің тұтастай жүйесін жасауға ықпал ететін альбомдар дестесі де қызығушылық туғызады. Олардың арасында "Қазақстанның археологиясы", "Қазақстанның петроглифтері" бар.

"Мәдениеттану" - "Әлемдік мәдениеттану ой-санасы" жобасына мәдениеттанудың "мәдениет" және "өркениет", "мәдени құндылықтар" және "мәдени құбылыстар", "мәдениет субъектісі" және "мәдени мұра", "мәдениеттегі дәстүрлер мен жаңалықтар", "мәдениеттің типтері" және басқалары секілді негізгі ұғымдарына арналған өткеннің ойшылдарының көптеген трактаттарының аудармалары мен қазіргі ғалымдардың монографиялары енген.

"Этнография және антропология" - "Қазақтың халықтық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары" иллюстрациялы кітап-альбомдары дестелерінде халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сипатталып, қазақтардың мәдени құндылықтары мен қолөнері туралы мәліметтер беріледі.

"Заң ғылымы" - "Қазақтар құқығының ежелгі дүниесі" кітаптарының дестесі белгілі билердің қазақ халқының бірлігін және оның аумағының тұтастығын сақтауға, қоғамды имандылық тұрғысынан сауықтыруға үндеген шешендік сөздері, нақылдары мен қарасөздері жинақталған, оларда адамды сүюдің, татулық пен әділдік қағидалары, сондай-ақ қазақтар құқығының ережелерінің жазбалары мен жинақтары берілген.

"Әлеуметтану" - бұл бағыт "Әлемдік әлеуметтану ой-санасы" дестесінде беріліп, онда қоғамда тұлғаның қалыптасуы мен оның әлеуметтенуі, әлеуметтік институттардың қалыптасуы мен әлеуметтік үдерістердің мәні мәселелері жөніндегі көптеген зерттеулерге, сондай-ақ әлеуметтану ілімінің қазіргі таңдағы теориялары мен мектептеріне арналған.

"Саясаттану" - "Әлемдік саясаттану ой-санасы" дестесінде Ежелгі дүниенің, Орта ғасырдың, Жаңа және Жаңаша уақыттың негізгі саяси және құқықтық доктриналары туралы мағлұмат беретін, сондай-ақ саяси-құқықтық идеологияның даму сатыларын оның дүниетанымдық негіздерімен және теориялық мазмұнымен бірлікте бейнелейтін түрлі дәуірлердегі дүние ойшылдарының мәтіндері жинақталған.

"Психология" - "Әлемдік психологиялық ой-сана" дестесі әлемдік психологиялық ой-сананың жүздеген жылдар бойындағы түп-төркінінің тарихын бейнелеп, ғылыми психологиялық ой-сананың неғұрлым танымал өкілдерінің еңбектерін қамтиды.

"Экономика ғылымы" - "Экономика классикасы" кітаптарының дестесі ғалымдар мен ойшылдардың экономика жөніндегі теориялық мұрасына арналады, ол қоғам дамуының, шаруашылық жүргізу нысандары мен экономикалық идеялардың диалектикалық бірлігінің әдіснамалық тәсіліне негізделген. Осы дестенің әрбір томы классикалық, кейнстік, институционалдық, монетарлық және басқа да жетекші экономикалық мектептердің негізгі қағидалары мен есімдері туралы мағлұмат беретін ақпараттық материалдар мен мәтіндерді қамтитын болады.

"Тіл білімі" - осы бағыттың дестелерінде қазақ әдеби тілінің дамуы жөнінде

неғұрлым толық мәлімет беретін және оның лексикасының баюына ықпал ететін қазақ тілінің түрлі түсіндірме сөздіктері, синонимдер сөздігі, диалектологиялық және этимологиялық сөздіктер берілген.

"Мұрағат және кітапхана ісі" - "Қазақ элитасының жазған хаттары мұрасы" жинағына Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатында және Ресей Федерациясының мұрағат қорында табылған қазақ қоғамындағы билік басындағылардың - ұлттық ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның көрнекті қайраткерлерінің хаттарының ауқымды кешені енеді.

"Энциклопедиялар" - осы бағыттың дестелері қазақ мәдениетінің тарихы, ерекше әдеби жанрлар мен өнердің бағыттары туралы мағлұмат беретін әдебиет, мәдениет және өнер жөніндегі энциклопедиялар мен энциклопедиялық анықтамалықтардың алуан түрлі ауқымын қамтиды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі "Қазақстан Республикасы" энциклопедиясы жан-жақты сипаттамаларды, статистикалық материалдарды, бай иллюстрацияларды, фотосуреттерді, схемалар мен диаграммаларды қамтиды.

"Бейнелеу өнері" - Қазақстан бейнелеу өнерінің бағалы үлгілері осы бағыттың фото-және бейнеальбомдарында көрініс табады. "Қазақстан суретшілері" атты жеке дестеде Ә.Қастеев, О.Таңсықбаев, С.Калмыков және басқалар секілді қазіргі таңдағы талантты шеберлердің шығармашылығына арналған бейнелеу альбомдары шығарылды.

4. Қажетті ресурстар және қаржыландырудың негізгі көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджеттің есебінен жүзеге асырылатын болады. Қаржыландырудың жалпы көлемі - 1933,6 млн. теңге, оның ішінде 2004 жылы - 641,65 млн.; 2005 жылы - 631,7 млн.; 2006 жылы - 660,2 млн. теңге. Бағдарламаны қаржыландырудың 2005-2006 жылдарға арналған көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштерінің аясында нақтыланатын болады.

Ұлттық әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениеттің, әдебиеттің шығарылуы кейінгі жылдарда аяқталатын кең көлемді дестелі басылымдарын қаржыландыру мәселелері белгіленген тәртіппен қаралатын болады.

5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру ұлттың рухани-білім беру және зияттық-мәдени деңгейінің көтерілуіне, өскелең ұрпақты әлемге ортақ құндылықтар, қазақстандық отансүйгіштік рухында тәрбиелеуге, қоғамды одан әрі топтастыруға ықпал етеді.

Нәтижесінде:

тарих пен мәдениеттің 30-дан астам маңызды ескерткіштері қайта жаңғыртылады;

32 ежелгі және орта ғасырлық археологиялық кенттер мен қоныстарды ғылыми зерттеу, тұмшалау, абаттандыру, мұражайға айналдыру және туристік мақсатта пайдалану жөнінде жұмыстар жүргізіледі;

мәдени инфрақұрылым кеңейтіледі, тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттау мен кеңінен таныстыру жөніндегі қызмет жанданады;

мәдени мұраны зерделеудің тұтастай жүйесін жасау жөнінде шаралар іске асырылады;

Ұлттық кітапхана жанында ұлттық кітап раритеттерін табу мен сатып алу, кітаптар мен ежелгі қолжазбаларды қалпына келтіру жөніндегі орталық, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты жанында қазіргі заманғы жабдықтармен жарақталған, мұрағат құжаттарының сақтандыру көшірмесін жасау және қалпына келтіру жөніндегі орталық, Президенттік мәдени орталық базасында ұлттық тарих үшін айрықша мәні бар мұражай қорын қалыптастыру мен қалпына келтіру жөніндегі орталық құрылады;

16 бағыт бойынша түрлі кітаптар дестелері шығарылады;

Қазақстанның мемлекеттік тұтастығы мен халықтары бірлігінің нышаны - мүсінтас тұрғызылады;

деректер базасы жасалады, ЮНЕСКО-ның күнілгері тізіміне енгізілген мәдени және аралас мұра объектілерін күзетудің аумақтары мен өңірлерінің шекарасы белгіленеді;

елдің қорларында, мұрағаттары мен қоймаларында сақталған аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орындаушы-музыканттардың фоножазбалары қалпына келтіріліп, қазіргі заманғы аудиотаспаларға көшіріледі.